

Қызылқоға ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде мөлшерлеме мөлшерін төмендету туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 2024 жылғы 18 наурыздағы № 15-2 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 19 наурызда № 5156-06 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 2026 жылғы 12 тамыздағы № 42-7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 12.08.2026 № 42-7 шешімімен (2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс).

Қазақстан Республикасы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексі 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес, Қызылқоға аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылқоға ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшері салықтық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 (төрт) пайыздан 2 (екі) пайызға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қызылқоға аудандық
мәслихатының төрағасы*

Т. Бейскали